

**Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс займы қазыналық бондарының айналымын тоқтату және 1995 жылы оларды өтеудің тиражын өткізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 720 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 294 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.30 № 294 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" 1995 жылғы 18 сәуірдегі N 507 P950507\_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс займы қазыналық бондарының айналымы 1995 жылғы 20 мамырдан тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылғы 1 маусымнан бастап 1995 жылғы 31 желтоқсанға дейін оларды өтеудің тиражын қосымшаға сәйкес графикпен ай сайын өткізіп тұру жолымен Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс займының қазыналық бондарын халықтан толық сатып алуды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тиражды

өткізудің тәртібін реттейтін нормативтік құжаттарды он күн мерзімде әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Халық банкі тираж өткізудің графигіне сәйкес Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс займының қазыналық бондарын өтеуді тираж өтеудің кестесіне сәйкес жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 19 мамырдағы  
N 720 қаулысына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік  
ішкі ұтыс займы қазыналық бондарының тиражын  
өткізу және оны өтеу көлемінің  
Графигі

---

Тираж нөмірі	Тираж өткізу күні	Төлем көлемі
1 тираж	1995 жылғы 9 маусым	150 млн. теңге
2 тираж	1995 жылғы 14 шілде	120 млн. теңге
3 тираж	1995 жылғы 14 тамыз	120 млн. теңге
4 тираж	1995 жылғы 15 қыркүйек	100 млн. теңге
5 тираж	1995 жылғы 13 қазан	100 млн. теңге
6 тираж	1995 жылғы 13 қараша	80 млн. теңге
7 тираж	1995 жылғы 15 желтоқсан	80 млн. теңге